

Жер қойнауын пайдалану құқығына лицензиялар беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 29 тамыздағы N 815

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 U962828_ Заң күші бар Жарлығының 14 және 23-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Харрикейн Құмкөл Мұнай" ашық акционерлік қоғамына Қызылорда

облысында орналасқан Арысқұм кен орнында көмірсутегі шикізатын өндіру жұмысын және Қызылқия кен орнында көмірсутегі шикізатын барлау және өндіру жұмыстарын жүргізуге арналған лицензиялар берілсін;

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі